



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

аудиттің дамуы қолжетімді ақпарат болмауына кедергі келтіреді және ішкі аудитке меншік иелерінің мүддесін білдірмейді.

Қазақстанда бұрынғыдай ішкі аудит тарихи бақылау және аудит түрде қабылданады. Сондықтан бүгінгі күні аудит қиындықтармен соқтығысады. Тіпті “ішкі аудит” функциясы бар компанияларда халықаралық үлгілерге сәйкес дамып келе жатса да, аудиторлық жобаның елеулі тәуекелдерінің бірі ішкі аудиторлардың жұмысына негізсіз көзқарас болып табылады. Бұл саладағы реформа процесі қарқынды дамып жатқан жоқ.

Қорытындылай келе, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дамытудың қазіргі жағдайында ішкі аудиттің мүмкіндіктерін көрсету және компаниялардың иелеріне де, басқарушыларға да қажеттілігін дәлелдеу үшін үлкен мүмкіндіктер бар екенін атап өткен жөн. Ішкі аудит бөлімі ұйымдастырылған кезде компания басшылығы бизнес тиімділігін арттыру және жаңа биіктерге жету үшін қуатты құралға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Внутренний аудит в современной системе корпоративного управления компанией»// Москва, 2017 г.
2. Денис Самыгин, Николай Барышников «Методика аудиторской проверки. Процедуры, советы, рекомендации» // Инфра-М 2015 г.
3. Олег Крышкин, // «Настольная книга по внутреннему аудиту. Риски и бизнес-процессы» // Альпина Паблишер 2015 г.
4. Абленов Д.О. //Аудит: теория и практика: учебник. – Алматы: Экономика, 2005. С. 330-335.
5. Барышников Н.П. //Организация методика проведения общего аудита. – Москва, 2000. С. -156-177.

УДК 378.7

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ – «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ» ДАМУ ТҮРІНДЕ

Мухамедгалиев Диас Кенжеболатович

dmukhamedgaliyev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кайранбеков Б.О.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру және қоршаған ортаны қорғау – өзекті мәселелердің бірі, сондықтан да мемлекет тарапынан кәсіпорындардың қызметіне кезең сайын экологиялық аудит жүргізу қажет шаралардың маңыздысы болып табылады. Алғашқы экологиялық аудит жүйесі АҚШ фирмаларында ХХ ғ. 70 жылдары сол кезеңдегі американдық қоршаған ортаны қорғау заңнамасындағы талаптарды орындау үшін қолданылды. 80 жылдар аяғында кейбір компаниялар заңнамадағы талаптардан да қатаң көрсеткіштерге де жетті.

Белсенді экологиялық менеджмент сияқты белсенді экологиялық аудит сол кезден бері АҚШ компаниялары стратегиясында жоғары орынды алып, еуропалық фирмалардың сенімінен шықты. Экологиялық аудит кәсіпкерлік стратегиясына және өндірістік үрдістің негізгі параметрлеріне сатылап қатаң экологиялық талаптар ендіруге мүмкіндік беретін әдістеме ретінде қаралады.[1]

Экологиялық аудит – ішкі фирмалық экологиялық әлеует пен әлеуетті экономикалық тәуекелді жүйелі тексеру үшін қажет құрал.

Бұл аудиттің басты қызметтері:

- қоршаған ортаны қорғау аумағында фирма қызметінің және онымен декларацияланатын саясаттың экологиялық заңнамаға сәйкестігін анықтау, бұл қызметтің пайда табуға бағытталған экономикалық мақсаттарға сәйкестігін белгілеу;

- кәсіпорында экологиялық менеджмент жүйесі қандай дәрежеде орындалатынын анықтау;

- кәсіпорын басқармасына қоршаған ортаны қорғау аумағында білікті шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ақпаратпен қамтамасыз ету;

- жұмысшыларды мүмкін болатын зиянды әсерлерден қорғау;

- қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін қандай да бір жағдайда фирмаға кездесетін тәуекелдің пайда болу мүмкіндігін талдау;

- фирманың қоршаған ортаға нақты әсерін анықтау;

- фирманы оның экологиялық саясатын жетілдіруге итермелеу.

Экологиялық аудит жүргізудің екі негізгі мақсатын атап көрсетуге болады: біріншіден, фирманың экологиялық қызметі және оның бекітілген стандарттарға сәйкестігі туралы барлық қызығушылығы бар сыртқы пайдаланушыларға сәйкес ақпарат ұсыну; екіншіден, аудиторлық тексеру барысында ұйымның экологиялық менеджментін және экологиялық бақылауын жетілдіру бойынша пайдалы ұсыныстар жасалуы мүмкін.

Үлкен талдау аумағында аудиттің бірнеше түрі дамуы мүмкін, мысалы:

- жүйелі аудит – ұйымның кәсіпорын құрылымын және кәсіпорынның құрылымдық және қызметтік іске қабілеттілігіне қатысты үрдістерін зерттеу;

- үрдістер аудиті – қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір өндірістік үрдістерді және кәсіпорын пікірі бойынша алынған үрдістерді тексеру;

- бақылау аудиті – мысалы заңнамалық нұсқаулардың орындалуын тексеру;

- өндірістік үрдістің адам денсаулығына әсері аудиті – өндірістің зияндылық деңгейі, ғимараттағы температура бойынша кәсіпорындағы жұмыскерлердің жұмыс орындағы жағдайлары;

- өнім аудиті – өнімнің экологиялық өмір циклі тұжырымдамасы тарапынан жеке өндірістік желілерді тексеру (оларға салынған ресурстар саны мен сапасы, қалдықтарды шығару үрдісі);

- өнім сапасы аудиті – кәсіпорында күшіне енген сапаны бақылау жүйесінің қойылған мақсаттарға сәйкестігін талдауға бағытталған; өнім маркировкасы – өнімнің экологиялық сапаға сәйкестігі. Бұнда тұтынушылардан алынған әр түрлі ақпарат қолданылады (арыздар, шағымдар және т.б.);

- қалдықтар аудиті. [2]

Экологиялық аудитті пайдалану оперативтік кеңістікке де (заңнаманы сақтау), стратегиялық кеңістікке де (мысалы, кәсіпорынның әлсіз жақтарын талдау және т.б.) қатысты. Оны тәжірибеде іске асыру сырттай да (сыртқы аудит) – аудитор шақыру арқылы, кәсіпорын ішінде де (ішкі аудит) – ішкі тексеріс арқылы мүмкін. Экологиялық аудит стандартталған жүйелік негізінде әр түрлі ырғақпен жүргізіледі. Тез ауысатын сценарийлер үшін (мысалы, маркетинг саласында) – қысқа уақыттар аралығында, ақырын және созылмалы кезең үзінділерінде ғана ауысатын салалар үшін (негізгі құралдар), ұзақ уақыт аралығында.

Дәл солай аудитті жүргізу жиілігі кәсіпорын қызмет ететін саланың маңыздылығына (экономикалық көзқараспен), сондай-ақ алдыңғы аудиторлық тексерістердің нәтижелеріне байланысты.

Дәстүрлі аудиторлық тексеру фирма өз мақсаты мен міндетін өзі анықтайды деген мүмкіншілікке негізделген.

Экологиялық аудиторлық тексеру жүйесіне келесі негізгі қызмет түрлері мен салалары кіруі тиіс:

- кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы;

- әкімшілік және операциялық үрдістер;

- технологиялық үрдістер;

- құжаттама, есептілік;
- кәсіпорынның экономикалық тұжырымдамасы.

Экологиялық аудиттің қазіргі жүйесінде қоршаған ортаны пайдалану нәтижелері үшін жеке жауапкершілік қағидасының болуын, тексеру жүргізгенде хаттама жазуды, сондай-ақ есептілік жасап және аудит нәтижелерін жариялауды талап етуде.

Экологиялық аудит нәтижесі экологиялық анықтамаға негіз болатын кәсіпорынның экологиялық есептілігін жасау болып табылады.

Экологиялық аудит жүргізу есептілігі мына жайттарды көрсетуі тиіс:

- экологиялық менеджмент жүйесінің фирманың экологиялық саясатының мақсатына және қызығушылығы бар топтар талабына сәйкестігін;
- алдыңғы аудиторлық тексеріс ұсыныстарын орындауын және түзету жұмыстарының тиімділігін;
- менеджмент жүйесін жетілдіру бойынша қорытынды мен ұсыныстар.

Ақпараттық экологиялық есептіліктер құрамына мыналар кіреді:

- кәсіпорын туралы жалпы ақпарат (5%);
- кәсіпорынның басқарушы экологиялық қағидалары (5%);
- экологиялық менеджмент жүйесінің көрінісі (10%);
- экологиялық бағдарламалар мен мақсаттар (15%);
- материалдық және энергетикалық ағымдар көрінісі (10%);
- экологиялық мәселелі аумақтарды талдау және бағалау (10%);
- өнімдердің экологиялық аспектілерін сипаттау (15%);
- қоршаған ортаны қорғау шараларының табыс деңгейіне әсері (5%);
- адресаттармен байланыс (инвесторлар тобы) (5%);
- кері байланыс мүмкіндігі (5%);
- шынайылық (5%);
- баланс құру қағидалары (5%);
- мақсатты топтар сұранысына сәйкестік (5%).

Еуропалық Одақ өзінің экологиялық аудит туралы шешімінде өнеркәсіптің экологиялық салдарды жоюдағы жауапкершілігін атап көрсетті. Бұл шешім экологиялық менеджмент жүйелері мен сертификаттау жүйесі мен сапа кепілдігіне бағытталған кәсіпорын тексерістеріне өз еркімен қатысуға шарттар жасайды. Дәстүрлі аудиторлық тексеру нәтижелері ең алдымен компанияның ішкі қолданысы үшін арналғанына қарамастан, көптеген қазіргі фирмалар, әр түрлі қызығушылығы бар топтардың, оның ішінде фирманың ішкі ортасындағы топтардың, сондай-ақ мемлекеттік және Еуропалық Одақтың мемлекеттік емес ұйымдарының талаптарына сәйкес бұл нәтижелерді жариялауға тырысады. Өнім экомаркировкасы жүйесін енгізгеннен бері экологиялық аудит рөлі артуда. Нәтижелерді жариялау, жалпы қауымға ақпараттың ашықтығы, кешенді көзқарас, өмірлік цикл тұжырымдамасын қолдану, экологиялық аудит үрдістерінің EMAS, BS 7750, ISO-14000 шегінде міндеттілігі экологиялық аудит жүйесінің дамуына көмектеседі. [3]

Экологиялық аудиттің даму перспективалары:

- қауіпсіздік түсінігінің кең мағынасы және адам денсаулығына да, басқа да тіршілікке қауіптің жоқтығы;
- ұзақ мерзімді мақсаттардың қысқа мерзімді мақсаттардан артықшылығы. Осыған байланысты арнайы әдебиетте «экологиялық аудит» және «қоршаған ортаны пайдалану аудиті» түсініктерінің айырмашылығы бар.

Қоршаған ортаны пайдалану аудиті – бұл менеджмент жүйесінің тиімділігіне жүйеленген, құжатталған, кезеңдік және объективті бағалауды келесілер арқылы ұсынатын менеджмент құралы:

- экологиялық менеджмент және бақылау тәжірибесін қамтамасыз ету;
- кәсіпорын саясаты мен заңнама талаптарының сәйкестігіне жету.

Қорытындылап айтсақ, экологиялық аудит – бұл кәсіпорын қызметін «терең экологияландыру» немесе жаңа парадигма көзқарасынан тексеру және қайта қарау. Бұндай

өзгеріс ішкі корпоративтік құрылым құндылықтарын экономикалық өсу идеологиясынан экологиялық тұрақтылық идеологиясына ауыстырумен ынталандырады. Бұл механикалық ойлаудан жүйелік ойлауға, және сәйкесінше, менеджменттің жаңа стилі жүйелік менеджментке апарды. Экологиялық аудит нәтижесі компанияның экологиялық зиянын азайту бойынша жоспар жасау және оның барлық операцияларын экологиялық қауіпсіз жасау үшін жағдай жасау болып табылады.

Келесі кестеде ҚР қалдықтар классификациясы және оның мөлшерінің динамикасы

Көрсеткіштер	2011 ж	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж	2016 ж
Ауыл, орман және балық шаруашылығы, 1000 т/жыл	143,9	1136,4	1146,8	1 049,5	1410,8	1804,3
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу, 1000 т/жыл	275 814,8	283 685,9	298918,8	268367,1	185300,0	88486,7
Өңдеу өнеркәсібі, 1000 т/жыл	115 000,0	46 000,0	49402,5	44 918,2	42929,5	39160,5
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру, 1000 т/жыл	25670,0	21713,1	28832,8	18844,3	17942,8	17920,0
Құрылыс, 1000 т/жыл	165,1	138,8	267,6	247,4	225,6	285,6
Экономикалық қызметтің басқа да түрлері, 1000 т/жыл	3874,5	3278,3	3645,8	3988,3	3756,9	3733,6
Қалдықтардың барлығы, 1000 т/жыл	424587,3	359540,8	385762,0	340861,1	254801,1	154204,7
Оның ішінде қауіпті қалдықтар, 1000 т/жыл	420668,3	355952,5	382214,3	337414,8	251565,6	151391,1
Елдің халқы, адам	16557201	16792089	17035550	17288285	17542806	17794055
ЖІӨ бірлігіне өнеркәсіп қалдықтары, кг/1000 АҚШ долл.	313,8	124,6	126,3	110,1	104,0	94,0
ЖІӨ бірлігіне шаққандағы қалдықтардың қалыптасуының жалпы саны, кг/1000 АҚШ долл.	1158,6	973,8	985,8	835,9	617,4	370,0
ЖІӨ бірлігіне шаққандағы қауіпті қалдықтар, кг/1000 АҚШ долл.	1147,9	964,1	976,8	827,4	609,6	363,2
Ескерту- Статистикалық көрсеткіштер www.stat.gov.kz сайтынан алынды						

2011ж- 2016 жылдар мәліметтері берілген.

Кесте-1. ҚР қалдықтар классификациясы және оның мөлшерінің динамикасы (2011-2016 жж.)

Қазақстан үшін аудиттің осы бір жаңа түрі өте маңызды деп ойлаймын. Оның 2 себебі бар. Біріншіден, еліміздің шикізаттар пен ресурстарға, оның ішінде, әсіресе, жанғыш түрлеріне аса тәуелді болып келеді. Осыған байланысты, ұлттық экономикамыздың мамандану салаларының бірі – мұнай өнеркәсібі және мұнай өңдеу болғандықтан, кәсіпорындардың көбі өздерінің жұмыстарын атқару барысында табиғатқа зиян әсер етіп жатқандарын ескермейді, осылайша, мұндай жағдайлардың көптігі тұтас аудандардың экологиялық ахуалының нашарлауына алып келеді. Бұған қоса, осы өнеркәсіп объектілерінің қоршаған ортаға тигізетін зардаптары ешбір құжаттамада, тіпті қандайда бір елдің жалпы

ішкі өнімін есептеу барысында да есепке енгізілмейді. Екіншіден, экологиялық аудит Республикамызда 2015 жылы 12 қарашада Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың №392 бұйрығымен енгізілген аудиттің ерекше типі – мемлекеттік аудитпен ұштасып жатыр. Бұл жерде айта кететін маңызды жайт, «1 категориялы мемлекеттік аудитор» біліктілігін алуға үміткерлердің тапсыратын пәндерінің бірі – экологиялық аудит болып табылады. Сол себепті, экологиялық маңызы зор деп есептеймін.

Жоғарыда айтылғанға негізделе отырып, мынадай ұсыныстарды алға тартамын:

1. Аудитор болуға үміткерлерге лицензия беру кезінде және аудиторларды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру және оларды сертификациядан өткізу барысында жүргізілетін емтихан пәндері қатарына экологиялық аудитті енгізу;
2. Аудиторларды әрбір аудиторлық тексеру жүргізу барысында мемлекеттік және мемлекеттік емес (жеке меншік) кәсіпорындардың, ұйымдардың және т.б. заңды тұлғалардың тек қаржылық қорытынды есебін ғана емес, оған қоса оның экологиялық ахуалын (кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға әсері және оның зиянды жақтарының бар-жоғы, табиғи ресурстарды пайдалану деңгейі, т.б.) бақылау және тексеру;
3. Еліміздің шикізатқа тәуелділігіне байланысты Есеп Комитеті тарапынан қазақстандық аудиторлық фирмалар мен компаниялардың экологиялық аудитті жүргізуін талап етілуі және қадағалануы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. www.netref.ru
2. www.stat.gov.kz
3. www.articlekz.com

УДК 336.22:658.155(045)

ҚЕХС ЖӘНЕ САЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА СӘЙКЕС ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзабек Жалғас Асқарұлы

jaks_kz-98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 5В050800 «Есеп және аудит» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Спатаева Сауле Бакытовна

Бюджеттік – қаржылық жүйе мемлекет қаржыларының қалыптасуы және қолданылуы бойынша қатынастарды қамтиды. Бұл жүйе мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, қорғаныстық және тағы да басқа қызметтерін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Бұл жүйенің басты элементі – салықтар. Салықтар – мемлекет табыстарының негізгі көзі болып табылады [1].

Салық – нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Кез-келген мемлекет өмір сүру үшін өзінің материалдық-қаржылық базасы болу керек. Қарапайым тілмен айтқанда, мемлекет өз аппаратын қамтамасыз ету үшін және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті шығындарды жабу үшін қаражат көздерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Президент биылғы Жолдауында Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қалай қосылуы жолындағы негізгі жеті басым бағытты айқындаған екен. Сол басымдардың ішінде салық мәселесіне біршама өзгерістер енгізілді.

Корпоративтік табыс салығы – бұл салық төлеуші заңды тұлғаның табыстар ретінде алынған қаражаттарынан алынатын міндетті төлем [2].

Корпоративтік табыс салығының басты мәні – бұл салық заңды тұлғалардың қаржылық жағдайымен тікелей байланысты, яғни корпоративтік табыс салығы бойынша бюджетке